

**2013 жылғы 28 қаңтарда «Қазақстан Республикасы
Статистика агенттігі жұмысының 2012 жылғы
қорытындылары және 2013 жылға перспективалары»
деген тақырыпта өткен Үкімет сағатының
нәтижелері бойынша
ҰСЫНЫСТАР**

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің төрағасы Ә.А. Смаиловтың баяндамасын тыңдай келіп, мыналарды **ҰСЫНАДЫ:**

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

-«е-Статистика» ықпалдасқан ақпараттық жүйесінің шеңберінде мемлекеттік органдардың қазіргі ақпараттық жүйелерімен ықпалдасу жұмысын жалғастырсын;

-Қазақстанның ұлттық статистикалық жүйесін нығайту жөніндегі 2012 – 2016 жылдарға арналған жоба шеңберінде қолданыстағы статистика әдіснамасына халықаралық тәжірибені жан-жақты енгізу жөнінде шаралар қабылдасын;

-мемлекеттік органдардың статистика жөніндегі уәкілетті органға статистикалық және әкімшілік ақпаратты табыс ету процесін автоматтандыру және оңтайландыру жұмысын жандандырсын;

-аудандар және облыстық маңызы бар қалалар бөлінісінде жұмыспен қамту және жұмыссыздық жөнінде дәйекті ақпарат алу мақсатында жұмыспен қамту және жұмыссыздық бойынша зерттелетін үй шаруашылықтары желісін ұлғайтуға қаржы көздейтін болсын;

-статистика жөніндегі уәкілетті органға әкімшілік деректерді, әсіресе әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштер жөніндегі деректерді сапалы түрде беру бойынша тиісті мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылды күшейтсін;

-жедел ақпарат алу үшін кент, ауыл, ауылдық округтер деңгейінде шаруашылық бойынша есепті электрондық форматта жүргізуді енгізу жұмысын жылдамдатсын;

-мемлекеттік органдардың статистика жөніндегі уәкілетті органға дәйексіз, объективті емес әкімшілік және статистикалық деректерді бергені үшін жауапкершілігі арттырылсын;

-ішкі туризм жөнінде қосымша ақпарат алу үшін туризм статистикасы бойынша өздігінен ұйымдастырылатын туризмді бағалау әдістерін қамтитын әдістемелік ұсыныстар әзірлесін;

-«Жасыл экономиканың» енгізілуі туралы статистикалық ақпарат алу үшін инновацияларды, энергия мен ресурс үнемдеуді, жаңартылатын энергия көздерін енгізуді бағалау әдістемесін әзірлеу бойынша іс-шаралар кешенін көздейтін болсын.